

Мамандық бойынша тест: 1 - пән Ботаника

1. Алғашқы ұлпаларға жатады:

- A) тоз
- B) эпидерма
- C) перидерма
- D) феллоген
- E) прокамбий
- F) колленхима
- G) флоэма
- H) апикалдық меристема

2. Жер үсті өсімдіктері кеңістікте бойын ұстап тұруына себеп береді:

- A) өткізуші ұлпалардың пайда болуы
- B) жасуша тургоры
- C) ассимиляциялық ұлпалардың пайда болуы
- D) механикалық ұлпалардың пайда болуы
- E) жабын ұлпаларының пайда болуы
- F) түзуші ұлпалардың пайда болуы

3. Сабағы шоқсыз типті болатын өсімдіктер:

- A) қияқ
- B) қазтамақ
- C) қызыл бояу
- D) баршын гүл
- E) зығыр
- F) камелия
- G) шырмауық
- H) қалампыр

4. Хара балдырларының көбею жолдары:

- A) түйнектер арқылы
- B) оогамия арқылы
- C) автоспоралар арқылы
- D) базидиоспоралар арқылы
- E) апланоспоралар арқылы
- F) ооспоралар арқылы

5. Bacillariophyta бөлімінің өкілдері:

- A) навикула
- B) эндогониум
- C) пинулярия
- D) зигнема
- E) анабена
- F) улотрикс
- G) осциллятория
- H) табуллярия

6. Ботаника ғылымы зерттейді:

- A) топырақ қабатының қалыптасу процессін
- B) өсімдіктердің геологиялық процестерге қатысуын
- C) жасушаның бөлінуін
- D) өсімдіктердің химиялық құрамын
- E) өсімдіктің құрлысы, қызметін және систематикасын
- F) өсімдіктердің пайда болуын
- G) өсімдіктердің бір-бірімен және мекен ету ортасымен ара қатынасын
- H) фотосинтез және тыныс алудың физиологиялық аспектісін

7. Жапырақ түсіретін ашық тұқымдылар топтары:

- A) самырсын
- B) арша
- C) қызылқарағай
- D) бозарша
- E) кедр
- F) гинкго
- G) шырша
- H) кипарис

8. Ашықтұқымдыларға тән белгілер:

- A) шөптектестері жоқ, тек ағаштар мен бұталар
- B) тек шөптектестер
- C) спорангифор құрылымының болуы
- D) ұлпалары дамымаған
- E) жапырақтары ине тәрізді немесе қабыршақты
- F) споралармен емес, тұқымдармен дамиды
- G) гүлдерінің болуы
- H) тұқымдары ұрықтың ішінде дамиды

9. Ашықтұқымды өсімдіктеріне жататын кластары:

- A) қылқанды
- B) гинкгты
- C) кипаристі
- D) гнеталы
- E) эфедралы
- F) кедрлі

10. Гүл шоғыры дихазий болып келетін өсімдіктер:

- A) беде
- B) шерменгүл
- C) шетен
- D) мыңжапырақ
- E) қаңбақ
- F) қалампыр
- G) сарбасқурай
- H) долана